

**Б.Ж. Паридинова\*** , **Ж.О. Әбікенов** 

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.  
\*e-mail: filosof.sokrat.86@mail.ru

## **ЖАҒАНДАНУ ШАРТТАРЫНДА ТУЫНДАҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ДИНАМИКАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

Қоғам мүшелерінің құндылық бағдарларындағы үздіксіз өзгерістер осы процесті зерттеу міндетін қойып отыр. Сондықтан заманауи зерттеулерде жаһандану шарттарында туындаған өзгерістер динамикасындағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы қатынасты анықтау өзекті деп санаймыз. Бұл мақаланың басты мақсаты – ұсынылып отырған мәселеге қатысты тұжырымдарды философиялық, саясаттанулық, мәдениеттанулық тұрғыда жүйелеу. Мақсатты жүзеге асыру үшін дәстүрлі құндылықтар ұғымының мәнін дәйектеу, инновациялық құндылықтарды түсінудегі «дәстүр» және «инновация» ұғымдарының мәнін анықтау міндеттерін қойдық. Бұл үшін ең алдымен кіріспе бөлімінде жаһандану ұғымының негізгі тұжырымдарын анықтап алдық. Зерттеу жұмысының нәтижелері және талқылауының бірінші бөлімінде дәстүрлі құндылықтардың бірқатар негізгі тәсілдеріне сипаттама ұсынылды. Осы тәсілдердің сипаттамалары нәтижесінде дәстүрлі құндылықтардың негізгі 4 мәні мен 4 сипаттамалық белгілері айқындалады. Мақаланың екінші бөлімінде «дәстүр» және «инновация» ұғымдарының мәніне назар аударылады. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қоғам мүшелерінің өміріне ықпалы, қасиеттері мен қызметтері жүйеленеді. Саяси жаңғыру мен үздіксіз саяси реформалар жүріп жатқан қоғамда дәстүрлі және инновациялық құндылықтар қатар өмір сүретін әлеуметтік кеңістік қалыптасады деген қорытындыға келдік.

**Түйін сөздер:** жаһандану, дәстүрлі құндылықтар, инновациялық құндылықтар, саяси және әлеуметтік институттар, постиндустриалды қоғам, технологиялар.

B.Zh. Paridinova\*, Zh.O. Abikenov

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda  
\*e-mail: filosof.sokrat.86@mail.ru

### **Traditional and innovative values in the dynamics of changes caused by the conditions of globalization**

The continuous change in the value orientations of members of society sets the task of studying this process. Therefore, we consider it relevant in modern research to determine the relationship between traditional and innovative values in the dynamics of changes caused by the conditions of globalization. The main purpose of this article is to systematize the conclusions related to the proposed problem from the point of view of philosophical, political, and cultural studies. To achieve the goal, we set the task of substantiating the essence of the concept of traditional values by determining the essence of the concepts of «tradition» and «innovation» in the understanding of innovative values. To do this, first of all, in the introduction, we defined the basic formulations of the concept of globalization. In the first part of the results and discussion of the research work, a description of a number of basic approaches to traditional values was presented. As a result of the characteristics of these approaches, 4 main values and 4 characteristic features of traditional values are determined. The second part of the article focuses on the meaning of the concepts of «tradition» and «innovation». The influence, properties, and functions of traditional and innovative values on the lives of members of society are systematized. We came to the conclusion that in a society where political modernization and continuous political reforms take place, a social space is being formed where traditional and innovative values coexist.

**Key words:** globalization, traditional values, innovative values, political and social institutions, post-industrial society, technologies.

Б.Ж. Паридинова\*, Ж.О. Әбікенов

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда  
\*e-mail: filosof.sokrat.86@mail.ru

### Традиционные и инновационные ценности в динамике изменений, вызванных условиями глобализации

Непрерывное изменение ценностных ориентаций членов общества ставит задачу исследования данного процесса. Поэтому считаем актуальным в современных исследованиях определение соотношения между традиционными и инновационными ценностями в динамике изменений, вызванных условиями глобализации. Основная цель данной статьи – систематизировать выводы, связанные с предложенной проблемой с точки зрения философских, политических и культурологических исследований. Для реализации цели ставим задачи обоснования сущности понятия традиционных ценностей, определения сущности понятий «традиция» и «инновация» в понимании инновационных ценностей. Для этого, прежде всего, во введении мы определили основные формулировки понятия глобализация. В первой части результатов и обсуждения исследовательской работы было представлено описание ряда основных подходов к традиционным ценностям. В результате характеристики этих подходов определяются 4 основных значения и 4 характерных признака традиционных ценностей. Во второй части статьи основное внимание уделяется значению понятий «традиция» и «инновация». Систематизируются влияние, свойства и функции традиционных и инновационных ценностей на жизнь членов общества. Мы пришли к выводу, что в обществе, где происходят политическая модернизация и непрерывные политические реформы, формируется социальное пространство, где сосуществуют традиционные и инновационные ценности.

**Ключевые слова:** глобализация, традиционные ценности, инновационные ценности, политические и социальные институты, постиндустриальное общество, технологии.

#### Кіріспе

Жаһандану шарттарында қоғам мүшелерінің құндылық бағдарларындағы үздіксіз өзгерістер мәселесі бұл процесті зерттеу міндетін қойып отыр. Қазіргі таңда «құндылық» категориясының мәнін түсіну, оның философиялық, саясаттанулық, мәдениеттанулық және әлеуметтанулық тәсілдерін ашудың маңыздылығы жоғары. Заманауи қоғам және бүкіл әлемдік кеңістікке тән тұрақсыздық, белгісіздік шарттарында ерекше мәнге ие болатын дәстүрлі құндылықтарды сипаттау назарымызды қажет етеді. Өйткені кез келген қоғам ілгерілеуінің негізінде тұрақтылық пен тәртіпті сақтайтын дәстүрлі мәдениет өзгеше орын алады. Сондықтан дәстүрлі құндылықтар типологиясын айқындау және олардың мазмұнына қатысты көзқарастарды жүйелеу маңызды болып табылады. Сонымен қатар, қоғамда болып жатқан түрлі процестерден туындайтын инновациялық құндылықтарға да сипаттама беру қажет. Бұл тұста дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін дәйектеу мәселесі тұр. Дәстүрлер мен руханилықты сақтау арқылы екі құндылық жүйесінің қатар өмір сүру тетіктерін іздеу, жеке тұлғаның инновациялық құндылықтарды иеленуін анықтау міндетінде жүзеге асыру қажет. Бұл міндетті шешу

үшін, *біріншіден*, қоғам мүшелерінің дәстүрлі құндылықтар түсінігін ұғынуын айқындау қажет. *Екіншіден*, жаһандану шарттарындағы өзгерістерді талдау, түсіну және азаматтардың сыни ойлауын дамытудың рөлі жоғары. *Үшіншіден*, әлемде болып жатқан құбылыстарға үйлесімді баға беру, негізделген шешімдерді қабылдауды үйрену қажет. Бұл қадамдар заманауи қоғамның адамгершілік қағидаларына сай келетін құндылықтар қатынасын қалыптастырып, тұлға өзінің мінез-құлқын анықтайды. Адамның шынайы өмірде ғана емес, виртуалды әлемдегі әлеуметтенуі дәстүрлі және инновациялық құндылық категорияларын түсіну үшін өзекті болып табылады.

Жаһандық әлемдік жүйенің қалыптасу процестеріне бағытталған қазіргі заманғы зерттеулердің көпшілігінде жаһандану құндылықтар мен әлеуметтік-мәдени басымдықтардың түбегейлі жаңа жиынтығы бар беймонетарлық типтегі постиндустриалды өркениеттің қалыптасуына ықпал ететін адамзаттың тарихи эволюциясының заңды кезеңі болып табылады (Философия устойчивого развития и социальная экология, 2015, с. 21). Қоғамдық өмірдің барлық салаларын жүйелі түрде өзгертіп отырған жаһандану процесі әлеуметтік-саяси, қаржылық-экономикалық, ғылыми-технологиялық және ақпараттық өзара тәуелділіктің өсуін анықтайтын

әлемдік дамудың бірқатар қағидаларында көрініс табады.

Соңғыжылдарығылымныңтүрлісалаларында танымалтүсініктердіңбіріне айналған жаһандану туралы түсіндермелер өте көп. Жаһандануға қатысты көзқарастар мен бағалаулар алуан түрлі және бір-біріне қарама-қайшы тұстары кездеседі. Кейбір ғалымдар жаһандануды өзге әлеуметтік өзгерістер процестеріне қарағанда оң және жоғары бағасын береді. Жаһандану идеясы заманауи әлеуметтік серпіннің құрылымдық және шынайы тұжырымдамалардың бірегей мәртебесін иеленді деуімізге болады. Бұл идеяны қолдаушылар жаһандану экономикалық дамуды жеделдететіндігін, бейбіт өмір мен демократияның нығаюына үлес қосатынын және ынтымақтастықты қалыптастыруға ықпал ететіндігін айтады. Жаһандануды теріс бағалайтын ғалымдар да көп. Басым бөлігі жаһандану жұмыссыздық пен инфляцияны өсірді, ұлттық бірегейлік тетіктерін бұзды деп айыптайды. Жаһандану туралы айтқанда, оның дәстүрлі құндылықтарға оң әсеріне назар аударып, инновациялық құндылықтардың туындап жатқанын айта кетуіміз қажет. Инновациялық құндылықтар сауда, қаржы, жаңа технологиялардың өсуі, көлік, байланыс секілді салалардағы экономикалық қатынастарда көрініс тауып отыр. Сондықтан жаһандануды дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттестігі желісін қалыптастыруға әкелетін өзгерістердің ауқымдылығы және кешенділігімен сипаттауға болады.

Француз ғалымы Ж. Бодрийяр (Baudrillard, 2007) жаһандану салдарынан болып жатқан өзгерістердің түбегейлі сипатын уақыт пен тарихтың коматозды күйінен кейінгі өмір ретінде сипаттайды. Ғалымның пайымдауынша, тарихтың ұзақ жібi күрделi түйінге айналып, тарих жаңа бастамаларға көшудің орнына, кешеуілдеп жатыр. Ғалым нышансыздық салдарынан туындаған «Уақыт қабырғасындағы» барлық бағыттардан тек үзілген үзіктерді таба алатындығымызды кынжыла айтады. Демек, жаһандану тарихтағы өзгерістерге оң ықпал тигізбей отыр. Бұл тұста жаһандану шарттарындағы әлеуметтік кеңістіктің дәстүрлі және инновациялық құндылықтармен үндесуі маңызды. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үндестігі әлеуметтік шынайылық құрылымы, қоғамдық құбылыстар мен процестердің қатар өмір сүру тәртібі мен әлеуметтік субъектілердің өзара әрекеттестігін көрсетеді.

Осы әрекеттестік әлеуметтік ахуалдың өзгеру тәртібі, қоғамда болып жатқан өзгерістердің ырғағы мен реттілігін сипаттайды.

Жаһанданудың күрделі сипаты мен дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттестігі мынадай шарттарда көрініс табады: ұлттық шекарадан тыс жаһандық технологиялық орта; әлемдік экономикалық қатынастардың жаһандануы; бір-біріне қарама-қайшы ұстанымдар күресі шарттарында жүзеге асырылатын және географиялық факторларға негізделген саясат; виртуалды кеңістікті кеңінен қолдануға негізделген жаһандық әлеуметтік-мәдени әлем шектеулерін жою.

Ғылыми әдебиеттерде құндылықтар келесі формалар және типтерге бөлінеді: отбасылық, кәсіби, адамгершілік, эстетикалық, діни, ғылыми, экономикалық, саяси және ұлттық құндылықтар; дәстүрлі және инновациялық құндылықтар; эмоционалдық және менталдық, жоғары және төменгі дәрежелі құндылықтар; өзекті және әлеуетті, сәнді және сәнді емес, либералды және консервативті, жергілікті және жаһандық, жергілікті және әмбебап, абсолютті және салыстырмалы, тұрақты және өтпелі, терминалдық және аспаптық, оң және теріс құндылықтар; буржуазиялық және пролетарлық, нақты және жалған, шынайы және ойдан шығарылған, жоққа шығаратын және үйлесімді құндылықтар; эгоисттік және альтруисттік, орталық және аялық құндылықтар; табиғи және мәдени, нақты тарихи, ахуалдық, әмбебап («мәңгілік») құндылықтар; материалдық және рухани, жеке және әлеуметтік, субъективті (мақсат, бағалау, қатынас) және пәндік (қызмет нәтижелері, құндылық қатынас нысандары) және т.б. (Таланова, 2014, с. 194).

Ресейлік ғалым Т.И. Заславская мінез-құлық пен әл-ауқат сипатын анықтай келе, оларға ықпал жасайтын келесі шарттарды дәйектейді: табысқа жетушілік; бейімделушілік; шегіністік; қиратушылық. Сонымен қатар, ғалым әлеуметтің мінез-құлқы мен әл-ауқатының мынадай қызметтерін белгілейді: сындарлылық; нәтижесіздік; ала-құлалық (Заславская, 2002, с. 510–511). Осы дәйектеулер мен белгілер әлеуметтік қатынастардың, қоғамның жеке топтарының қалауын көрсетеді. Бұл тұжырымдар да дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды зерттеуде маңызды.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы түбегейлі өзгерістер қоғамның барлық топтарының құндылық бағдарларында өзгерістер

тудырып отыр. Саяси және әлеуметтік институттардың ауытқу процестерінің үдеуі, көптеген әлеуметтік-қоғамдық құндылықтардың жарамсыздануы мәселенің өзектілігін арттырады. Аталмыш процестер дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға ықпал жасайды және халықтың қалыптасу жүйесін белгілейді. Өзгермелі кезеңде дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасындағы қатынасты анықтау осы себептерге байланысты маңызды болып табылады. Жаңғыртылатын қоғам дағдарыс төңірегінде қалмауы үшін барлық құндылықтар дамып отыруы тиіс. Осы мақсатта дәстүрлі және инновациялық құндылықтар азаматтардың мінез-құлқына бағытталғанын дұрыс көреміз. Бұл этникалық азшылықтар мәдениетіндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар өзгерістеріне ықпал етуші фактор да болуы мүмкін. Сондықтан жаһандану шарттарында туындаған өзгерістер динамикасындағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды айқындаудың өзектілігі жоғары.

### Материалдар және әдістер

Берілген зерттеу жұмысы философиялық, мәдениеттанулық, саясаттанулық әдіснамалық тәсілдерді қолдана отырып жүргізілді және аталмыш әдістер зерттеліп отырған түсініктердің ұғымын айқындауға және терең талдауға мүмкіндік берді. Мақаланың теориялық және әдістемелік негізі қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласы өкілдерінің еңбектері мен олардың алған нәтижелерімен дәйектеледі. Салыстырмалы талдау дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін анықтады. Сонымен қатар, дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың мазмұны мен сипатын жіктеу үшін салыстырмалы талдаудың түсіндіру тәсілі қолданылды. Өте кең ғылыми мәліметтерді өңдеуге контентталдау әдісі көп ықпал жасады. Құрылымдық-функционалдық әдіс көмегімен дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара байланыстары мен қызметтері анықталды. Сипаттамалық әдіс дәстүрлі және инновациялық құндылықтар көріністерін бекітуге және мақаланың қорытындысын жасауға ықпал жасады.

### Нәтижелер және талқылау

#### Дәстүрлі құндылықтардың мәні

«Құндылық» ұғымы философия, саясаттану, мәдениеттану және әлеуметтану салала-

рында еңбек ететін әр кезеңдегі отандық және шетелдік зерттеушілердің көптеген ғылыми еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Аталмыш ұғымды анықтау әр дәуірде оны түсінудегі көзқарастарға байланысты болғанын айта кеткен жөн. Дәстүрлі құндылықтардың мәнін ашу барысында қандай құндылықтарды дәстүрлі деп санауға болатындығын түсіну қиынға соғады. Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында құндылықтардың күрделі табиғаты, оны түсіндірудегі түрлі көзқарастар жіктелуіндегі жан-жақтылықты анықтап отыр. Дәстүрлі құндылықтар типологиясында да нақты анықтама жоқ.

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда құндылықтар мәселесі, оның ішінде дәстүрлі және инновациялық мәселелеріне қызығушылық адамзат қоғамының дамуының барлық кезеңдерінде өзекті және әр дәуірде өзінің ерекше рөлін иеленеді. Қоғам құндылықтарына ерекше назар аудару заман тоғысында, адамзат тарихындағы дағдарыстар мен бетбұрыстарда арта түседі және оларды түсіну заман талабына сай құнды жауаптарға жүгінуді талап етеді. Мәселен, Кеңестік Одақта 1985-1991 жылдары елдің экономикалық және саяси құрылымындағы өзгерістерді көздеген «қайта құру» тек қазақ қоғамына ғана емес, барлық одақтас мемлекеттерге әсер етті. Дәл осындай өтпелі күйді жаһандану және қазіргі таңда қарқынды жүріп жатқан цифрландыру процестерін барлық қоғам кешіріп отыр.

Бұл тұста қоғам мүшелерінің дәстүрлі құндылықтар мен әдет-ғұрыптардың маңыздылығы бойынша көзқарастарын білген маңызды (Poelzer, 1995). Өйткені, мәдениетті сақтау және экономикалық даму үшін қазіргі заманның негізгі мәселелерін, саяси институттарды қолдау дәрежесі мен өзін-өзі басқарудың негізгі мақсаттарын білу қажет. Қазіргі таңда әрбір халық өзін-өзі анықтауға бет бұрғандықтан, этникалық азшылықтар мәселелері, ұстанымдары мен көзқарастарын түсіну де маңызды болып отыр. Бұл көзқарастарға мән бермеу қауіпті болып табылады. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар түптеп келгенде қоғам мүшелерінің ұмтылыстары мен мүдделеріне сәйкестілігімен анықталады.

Шиеленіскен экономикалық қысымдар, ортақ бірлескен отбасылық жүйенің бұзылуы және жастар мобилділігінің артуы дәстүрлі құндылықтар мен діни нормаларға нұқсан келтіріп отыр (Shrestha & Satyal, 2014, 278-337).

Жаһандану шарттарындағы және постиндустриалды қоғамдағы процестер жаңа мәдени, әлеуметтік, саяси және экономикалық үлгілерге сәйкес келетін инновациялық құндылықтардың, өзгеше құндылық бағдарлары, мінез-құлық нормаларының пайда болуына ықпал етеді. Демек, постиндустриалды қоғамда болып жатқан процестер қоғам мүшелерінің әлеуметтік және рухани өмірін, құндылықтарын өзгертіп жатыр. Заманауи қоғамда осы процестерге байланысты халықтың құндылық бағдарларында өзгерістер орын алады. Қалыптасқан дәстүрлі құндылықтарға күмән тууы да ықтимал. Өсіресе, қазіргі цифрландыру мен әлеуметтік шынайылықтың виртуалдануы процестерінен туындаған жаңа құндылықтар назар аударуымызды қажет етеді. Сондықтан постиндустриалды қоғамда бұрыннан бар дәстүрлі және жаңадан пайда болған инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттесуі және соқтығысуы әбден мүмкін. Дегенмен, бұл процестер қазіргі қоғам мүшелерінің құндылық бағдарларын қалыптастырып жатыр.

В.И. Балакиннің (Balakin, 2019, 80-97) пайымдауынша, Америка Құрама Штаттарының Ресей мен Қытайдан айырмашылығы, аймақтағы барлық елдер қалыптасып үлгерген идеологиялық қайшылықтарды бейтараптандыру жолдарын дәйекті түрде іздеп жатқан кезде, АҚШ Еуразиядағы жаңа саяси шынайылықты қалыптастыруға көмектесетін дәстүрлі құндылықтардың маңыздылығына мүлде мән бермейді. Шартты болып қала беретін және Шығыс пен Батыста көпполярлық пен жаһандану ұғымдары арасындағы көзқарастар саяси жағынан қатал бәсекелестік болып көрінетін өркениет шекаралары туралы мәселеге мән беру де өте маңызды. Бұл бірполярлық әлем және көпполярлық әлем екі моделінің қайталанбас өзара ерекшеліктерін көрсетеді.

Дамушы елдердің экономикасын қайта құру әйелдердің адами әлеуетін жан-жақты іске асыру міндетін қамтиды. Г. Найзабаева, Ғ. Есім және А. Мұханбет (Naizabayeva, Garifolla & Mukhanbet, 2022) зерттеуінде әйелдердің әлеуметтік мәртебесінің өзгерістері мен қазақтардың дәстүрлі құндылықтарды таратудағы адами капиталдың рөлі қарастырылады. Зерттеудің әлеуметтік сұрыптамасы қазақ қоғамының демографиялық профиліне сәйкес келеді және 400 әйел қатысты. Зерттеу нәтижелері қазақ әйелдері үшін дәстүрлі құндылықтар мен мінез-құлықтардың маңыздылығын анықтап берді. Зерттеуде білім

деңгейі қазақстандық әйелдердің әлеуметтік мәртебесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығын дәйектеді. Дегенмен, респонденттер білім деңгейінің жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуге ықпал ету дәрежесінің мардымсыздығын атайды.

Дәстүрлі құндылықтардың мазмұнына қатысты көзқарастарды талдауды қорытындылай келе, ойымызды тұжырымдайтын бірқатар негізгі тәсілдерді айтуымызға болады:

1. Дәстүрлі құндылықтар әлеуметтік тәртіп, тұжырымдамалар мен діни ұстанымдарды көрсететін консервативті құндылықтар негізінде әрекет етеді. Қоғам дәстүрлері мен институттарын сақтау басты құндылық болып саналады. Ықтималдылығы басым өзгерістерге қарсылық көрсетілмейді, дегенмен жаңғыртуды жүзеге асыру өте мұқият жүргізілуі керек.

2. Дәстүрлі құндылықтар көп жағдайда діни құндылықтармен байланыстырылады. Бұл діннің дәстүрлі құндылықтарды қорғаушысы және сақтаушысы екендігін көрсетеді.

3. Дәстүрлі құндылықтар халықтың, ұлттың және елдің белгілі бір дәстүрлерімен айқындалады. Мәселен, ұлттық, фольклорлық, этникалық және этнографиялық құндылықтарды атауымызға болады.

Ғалымдардың қарастырылып отырған ұғымды түсінудегі түрлі тәсілдерін қарастыра келе, келесі негізгі мәндерін бөліп көрсетуге де болады: (1) қоғамдық шынайылық құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мәні; (2) заттар мен құбылыстар маңыздылығының ерекшелігін көрсететін түсінік; (3) қоғамда қабылданған құндылық идеялары; (4) азаматтың жеке өмірлік тәжірибесінің негізінде пайда болатын қатынасы. Сонымен қатар, дәстүрлі құндылықтардың негізгі 4 сипаттамалық белгілері бар деп ойлаймыз: (1) ежелден бастау алған құндылықтар, белгілі бір ұлттың, өркениеттің өзіндік тарихи дамуының нәтижесі; (2) жеке тұлға, қоғам, өркениеттің өзге қоғам мен өркениеттер арасындағы бірегейлікті қамтитын құндылықтар; (3) қоғамның ұжымдық құндылықтарын түсінудің, қабылдаудың, өзектілендірудің ұлттық ерекшеліктері; (4) құндылықтар жүйесін құрудағы өзіндік ұлттық ерекшеліктер.

Дәстүрлі құндылықтар әмбебап сипатта болатындықтан қоғамдық пікірге сүйенеді, мінсіз мәдени үлгілер, мінез-құлық нормаларын қолдайды. Дәстүрлі құндылықтар ұлттың мәдени мұрасының өзегін құрай отырып, ғасырлар бойы сақталып келген халықтың рухани бол-

мысын танытады. Дәстүрлі құндылықтар адам санасының негізгі құрылымдарына қызмет ете отырып, қоршаған ортаны қабылдауға, ата-баба жинақтаған әлеуметтік тәжірибені меңгеруге мүмкіндік береді және рухани дүниетанымның қалыптасуына ықпал жасайды.

### **Инновациялық құндылықтарды түсінудегі «дәстүр» және «инновация» ұғымдарының мәні**

Постиндустриалды қоғамда және жаһандану шарттарында белсенді түрде жүріп жатқан процестер қалыптасқан дәстүрлі құндылықтар жүйесінің өзгерістеріне әсер ете отырып, инновациялық құндылықтардың пайда болуына ықпал жасайды. Нәтижесінде құндылық бағдарлары мен құндылыққа қатынас өзгеріске ұшырайды.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды түсіну «дәстүр», «инновация» ұғымдарының мәнін анықтаумен тығыз байланысты. Дәстүр таңдалған және сақталған рухани құндылықтар, рухани мәдениеттің белгілі бір түрін, ұрпақтардың маңызды тәжірибесі, ұжымдық жадының өзегі, адамзат мәдениеті, қоғамдық қатынастарды жаңғырту мен дамытудың қалыптасқан тәжірибесін бейнелейді. Сонымен қатар, дәстүр қоғамда қалыптасқан нормалар негізіндегі пікірлермен реттелетін әлеуметтік және тұлғалық бірегейліктің негізі болып табылады. Дәстүр белгілі бір нормалар, құндылықтар, мағыналар және мәдени нышандар түрінде әлеуметтік және мәдени тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетіндіктен, қоғам мен мәдениеттегі тұрақтылықты сақтауда маңызды рөл атқаратыны анық (Воронина, 2018, с. 8). Бұл ретте нормалар мен құндылықтарды қолдау және сақтау қажеттілігі өткен заман ұстанымдарымен негізделетіндігін атап өтуіміз маңызды. Бірақ, қоғам әлеуметтік және мәдени жаңашылдықтарсыз дами алмайды. Дамудың классикалық үлгісінде қоғамды жаңғырту дәстүрге негізделіп, қоғам өз ретімен реформаланады. Дәстүрлі және инновациялық ұстанымдар арасында қақтығыстар орын алса да, дәстүр жаңарады және әлеуметтік өмірдің жаңа құбылыстарына бейімделеді. Осылайша, қоғамдық даму әлеуметтік және мәдени құбылыстардың үнемі және үздіксіз өзгеру процесі ретінде жүреді.

Патриотизм және патриоттық тәрбие дәстүрлер мен құндылықтардың маңыздылығына ерекше көңіл аударады және баламалы құн-

дылықтар, дәстүрлер мен көзқарастарға қол сұқпай, белсенді және еркін әлеуметтік мінез-құлық құрылымын қалыптастырады (Sanina, 2016). Демек, патриотизмнің қазіргі қағидаларын патриоттық, азаматтық тәрбиенің және ұлт құрылыстың жаһандық шарттарындағы дәстүрлермен байланысын талдауға мүмкіндік береді. Дәстүрлерді қалыптастыру патриотизм секілді мемлекеттік саясатқа қарағанда қоғамдық көзқарастар үлкен рөл атқарады. Дегенмен, қоғамды нығайту тек оң патриоттық құндылықтарға тәрбиелеу арқылы ғана емес, дәстүрлерді пайдалану негізінде де жүзеге асырылады. Сондықтан дәстүр қоғам мүшелерінің еліне, азаматтық және ұлттық бірегейлігіне қатынасын біріктіреді.

Мәдени бірегейлік пен көзқарастарды өзгерту қоғамдағы дәстүрлермен байланысты. F.W. Awad (2016) зерттеуінің нәтижелері көрсетіп отырғандай, ауылдық жерлердегі азаматтар өздерінің мәдениетін сақтауға бейім болса, қалаларда тұратын азаматтар керісінше көзқараста болады. Автордың пайымдауынша, қалада мәдени құндылықтар іс жүзінде құлдырайды. Біздің ойымызша, кез келген құлдырау қоғам көзқарастарының өзгерістеріне әкеледі. Бұл үрдістердің негізгі факторларына білім деңгейі, қалалық өмір және аралас неке жатады. Дәстүрдің жойылып кетуі мен маңыздылығын ескере отырып, қалыптасқан мәдениетті сақтау үшін бірқатар күш-жігер жұмсау қажет. Бұл күш-жігер ішінде қоғамның дамуы мен құндылықтарына сәйкес келетін дәстүрді әлеуметтендіру және бекіту бар.

Инновациялық құндылықтар түсінігінің сипаттамалық белгілеріне де тоқталайық. Заманауи технологиялар әсерінен құндылық бағдарларының өзгерісі жүзеге асады. Инновациялық процесті жүргізу әрқашан бақылауды және еңсеруді қажет ететін кедергілерге тап болады (Laidoune, Zid, & Sahraoui, 2022). Постиндустриалды қоғамда техника мен технологияның рөлі айтарлықтай өскендіктен, технологияның өзін әлеуметтік-мәдени құндылықтың бір түрі, адам өмірі үшін маңызды нысан ретінде қарастырылуы қажет. Жаңа технологиялық өнімдердің пайда болуы дәстүрлі құндылықтар өзгерістерін жеделдетеді және инновациялық құндылықтардың дүниеге келуіне ықпал жасайды.

Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, халықтың әл-ауқатын жақсартатын және саяси тұрақтылыққа ықпал ететін құрал ретінде

инновацияның өсіп келе жатқан маңыздылығы аймақтық даму саясаты назарынан тыс қалмады (Romero, 2006). Әр елдің инновациялық әлеуетімен байланысты артықшылықтарын түсіндіруге тырысатын теориялық көзқарастардың таралуы инновациялық саясат тұжырымдамасын әзірлеуге әкелді. Осы тұрғыда мемлекеттік инновациялық саясатты сипаттау және бағалау, жаңа инновациялық саясаттың міндеттерін көрсету маңызды.

Кез келген елдің үкіметі қоғам дамуының элементі саналатын инновацияға назар аударады. Мұндай шара ретінде Аймақтық инновациялық жүйені әзірледі (Regional Innovation System) дамыту жобасын айтуымызға болады (Imaniati & Masrofa, 2023). Осы жоба аясында 2019 жылы ел тұрғындары қатыса алатын инновациялық байқау жарияланды. Байқау қорытындысына сәйкес, халықтың қатысу деңгейі өте төмен болған. Бұл ахуал халықтың инновацияға ынтасы деңгейінің төмен екенін көрсетуі ықтимал. Дегенмен, қоғам мүшелерінің инновацияға құлшынысының төмендігі инновациялық процестің маңыздылығын білмеуден де болуы мүмкін. Сондықтан халықтың инновацияның маңыздылығы туралы хабардар болушылығын арттыру үшін іс-шаралар қажет.

А.М. Safiullina, М.Е. Ivanov және М.А. Veloborodova (2014) зерттеуінде де аймақтың инновациялық және технологиялық дамуын тежейтін түрлі факторлар қарастырылады. Жалпы инновацияларды енгізу туралы айтылғанда, әлі де дамуды тежейтін және инновациялық ахуалды қолайлы ететін бірнеше себептер болады. Инновациялардың дамуын тежейтін негізгі себептерге көпшіліктің инновацияның маңыздылығына мән бермеумен байланыстырамыз. Сондықтан инновациялық жобаларды мемлекеттік қаржылық қолдауды арттыру қажет.

Африканың экономикалық көрінісін шолу барысында құрлықтың минералдық ресурстарға бай, миллиардқа жуық тұрғыны бар екенін айқындау қиын емес. Құрлықта белгілі және әлі зерттелмеген орасан зор минералдық ресурстар болғанына қарамастан, көптеген елдерін құтқару қажеттілігі, қарыздар мен несиелердің нысанына айналуы ойландырады (Machie & Baskaran 2013). Біздің ойымызша, Африка құрлығындағы минералға бай өзге елдер де қайырымдылық пен көмек көрсетудің нысаны емес, өнімділік пен инновацияның орталығы болуы керек. Бұл мақсатта ғылым, техника және технология, білімге негізделген

инновациялық шарттар мен тиімді экономиканы құру арқылы әр елдің инновацияланған ұлттық дамуын жүзеге асыруға болады. Қоғамның түрлі мәселелерін шешу үшін инновациялық тәсілді қолдану маңызды. Туындаған мәселелердің әрқайсысы инновациялық жүйелік тәсілдің ерекшеліктерін көрсетеді. Сондықтан инновацияларды қолданудың шекаралары мен ауқымы алуан түрлі және шексіз деуге негіз бар.

Бүгінгі таңдағы өсімділік бойынша тұжырымдар экономикалық және әлеуметтік даму арқылы саяси институттар және технологиямен байланыстырылады. Бұл тұста осы элементтерді байланыстыратын және саяси-экономикалық дамуды көздейтін инновациялық жүйелік тәсілдің маңыздылығы ерекше (Niosi, 2008). Инновациялар жүйесі мәдениет пен тұлға арасындағы алшақтық, өмірдің рухани мәні мен құндылықтардың материалдық қажеттіліктерге сай алмастырылуынан көрінеді. Мұндай қоғамда шынайылық пен ұтымдылық маңызды рөл атқарады. Нарықтық қатынастар күрделі рационалдылық салдарынан адамгершілік талаптарына сәйкес келе бермейді. Бұл қоғам мен мәдениет үйлесімділігіне әсер етеді. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар арасында қарама-қайшылықтар болмауы үшін келісілмеген пессимистік көзқарастарға жол бермеу жағын қарастыру керек. Саяси процесс пен ілгерілеудің жағымды көрсеткіштері дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара байланысына үміт береді.

Философия, саясаттану, мәдениеттану және әлеуметтану ғылымдарының міндеті жаһандану дәуірі мен постиндустриалды қоғамда пайда болған жаңашыл құндылықтарды адамгершілік ұстанымдар мен дәстүрлер тұрғысынан, инновациялық балама құндылықтардың адамға, отбасына, қоғамға, саясатқа мәдениетке, өркениетке ықпалын анықтап, түсіндіруінде жатыр. Әсіресе, мәселе инновациялық құндылықтардың адамзаттың дамуы мен рухани өрлеуіне немесе регрессия және деградация ұшырататындығын айқындауда жатыр. Сонымен қатар, дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың тиімді өзара әрекеттесуі үшін жағдай жасау, маңызды нұсқаулар арқылы дәстүр, руханиятты сақтау және мәдениет жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін байланыс жолдарын, құралдарын, нысандарын ұсына алуымыз қажет.

Постиндустриалды қоғамның әлеуметтік-саяси басымдықтарын талдау арқылы әлеуметтік мақсаттармен құндылықтардың табиғатын тануға

болады. Әлеуметтік даму сипаттамасының келесі негізгі мәндерін айтуымызға болады: әлеуметтік құрылымның саяси, экономикалық және рухани сипаттары бойынша түсініктер; қоғамның негізгі салаларын өзгерту бағыттары бойынша идеялар; қоғамның рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени салаларындағы өзгерістер бойынша тұжырымдар. Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің постиндустриалды жүйесін

қалыптастыру, сындарлы әлеуметтік саясат, рухани дүниетанымды дамытудың мемлекеттік саясаты қоғамды дамытатындығы анық. Дәл осы әлеуметтену көріністерінде кез келген елдің және оның азаматтарының өзгерісінің кілті жатыр.

Жоғарыда айтылған пікірлерге сәйкес, дәстүрлі және инновациялық құндылықтар қоғам мүшелерінің өміріне ықпал жасап, кейбір қасиеттер мен қызметтер иеленеді (1-кесте).

**1-кесте** - Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қоғам мүшелерінің өміріне ықпалы, қасиеттері мен қызметтері

<b>1. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қоғам мүшелерінің өміріне ықпалы</b>	
Контент мәселелері бойынша құндылықтар	Реттеушілік нұсқау; қосымша арнаулы алгоритм; әлеуметтік тәжірибедегі әрекеттер және т.б.
Жеке тұлға иеленетін құндылықтар	Тәжірибе; дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара әрекеттесуіне негізделген ұстанымдар; қаржылық сауаттылық басымдықтарын ұстану және т.б.
Жүзеге асырылатын процедуралар құндылықтары	Идеяларды жүзеге асыруға бағытталған жоспарлар мен талаптар; идеяларды жүзеге асыруға бағытталған мүмкіндіктер мен шарттар; қоғам мүшелері арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық және т.б.
<b>2. Дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қасиеттері мен қызметтері</b>	
<b>Қасиеттері</b>	<b>Қызметтері</b>
Маңыздылық	Әрекеттерге жөн сілтеу және оны бақылау (жоспарлар мен талаптар); ресурстар құндылықтарына кепілдік беру және орындау (мүмкіндіктер мен шарттар); азаматтарды ортақ идеяларға біріктіріп қана қоймай, даралануына да ықпал жасау; қоғам мүшелері ойларын шоғырландыру және т.б.
Салмақтылық	Азаматтардың қоғамдық процестердегі әрекеттерін ұсынады; дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың түп негізгі атаулы шарттарын құрады және біріктіреді және т.б.
Бағыттылық	Қоғамға жат құндылықтарды көрсете отырып, рухани үйлесімділікті қалыптастырады; өмір-салт сипаты мен қағидаларын дәйектейді; адами қатынастарды жүзеге асыруға ықпал жасайды; әлеуметтік қатынастар миссиясын көрсетеді және т.б.
Бейтараптылық пен біржақтылық	Құндылықтарды ұғу және тануға ықпал жасайды; түрлі көрсеткіштер қарқындылығына бейтарап және біржақты қарайды және т.б.
Адам табиғатынан қалыптасқан мүдделермен байланыстылық	Ықтимал қажеттіліктерді қайта қарау; сұраныстар «лейтмотивін» түсіну; дәстүрлі және инновациялық құндылықтар ықпалын дәйектеу және т.б.
Адал ниеттілікке негізделген конструктивтілік	Жаңа құндылықтарға бейімделу; қажеттіліктер мен талаптарға сәйкес келетін ұйымшылдық; өмір сапасын әділетті жолмен арттыру; дәстүрлі құндылықтарды ұстана отырып жаңашылдықтарды өз бетімен үйрену; өз қабілетін дамыту және т.б.
Көлемділік	Түрлі әлеуметтік қызметтерді ықпалдастыру шарттары; қозғау салатын оқиғалар қалыптастыру; адам мен қоршаған орта арасындағы құндылықтар; нәтижелерге жетуге арналған жоспарлар мен талаптар, мүмкіндіктер мен шарттар; қажеттіліктер себептерін анықтау және т.б.
Күрделілік	Қоғамдық дамуды сүйемелдеу, жаңа мүмкіндіктерді иемдену; қоғамдағы ережелерді ұстану және өзгелер тұжырымдарын тыңдай білу; әлеуметтік қатынастардағы қоғам мүшелерінің әрекеттерін анықтау және т.б.
Ықпалдастық негізіндегі бірізді ашықтық пен көпдеңгейлілік	Құндылықтарды иеленудің реттілігі мен ерекшеліктері; дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың жіктелуі; өзара әрекеттестіктің белгіленуі және т.б.



## Қорытынды

Заманауи Қазақстандағы саяси жаңғыру мен үздіксіз саяси реформалар жүріп жатқан қоғамда дәстүрлі және инновациялық құндылықтар қатар өмір сүретін әлеуметтік кеңістік қалыптасты деуімізге негіз бар. Әлеуметтің әл-ауқатына қоғам санасы бастамашылық етеді. Кез келген қоғамдағы белгісіздік халықтың бытыраңқы, екіұшты қоғамдық санасын қалыптастырады. Мұндай ахуал өмірлік стратегиялар, қажетті әлеуметтік және моральдық тәжірибенің болмауына байланысты осы қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму дағдарысына әкеледі. Құндылықтар өзгерісі адамның әлеуметтік әлауқаты, тұрмыстық ойы және сана өзгерісіне әкелумен қатар, ұстанымдардың жаңа формаларын қалыптастырады.

Дәстүрлі және инновациялық құндылықтар қарама-қайшылығы қоғамда қалыптасқан құндылықтарды қайта бағалаумен қатар жүреді. Белгісіздік, дербестік пен белсенділіктің тапшылығы, әлеуметтік селқостық, прагматикалық мақсаттар үстемдігі, идеологияның түсініксіздігі кейбір ауыртпалықтар туындатуы ықтимал. Сондықтан жаңғыру жағдайындағы қоғамда білім, дағды, құзыреттілік пен тұлғаның жеке әлеуетін өзектілендіру құндылығы артып келеді. Төтенше ахуалдар белгісіздік пен тәуекелдің тұлғаның әлеуметтік әл-ауқатының жаңа түрлеріне бейімделуді жүзеге асырады.

Өзгеріске толы қоғамда қалыптасып жатқан құндылық үйлесімсіздігі нәтижесінде қоғам өміріне қатысуға бағытталған дәстүрлі және инновациялық құндылықтар, демократиялық дәстүрлер және азаматтарды бағдарлайтын жаңа мәдениет қатар өмір сүретін ретсіз әлеуметтік кеңістік пайда болады. Мұндай қоғамның болашағы өте күрделі. Өйткені, халық дағдарыстық әлеуметтік-экономикалық даму жағдайында жоғары өмірлік мақсаттарға жету үшін қажетті экономикалық, мәдени және әлеуметтік мәселелерді түсіне алмайды. Жаңа әлеуметтік-экономикалық ахуалға бейімделуден туындаған құндылықтар өзгерісі көптеген ұстанымдар трансформациясына себеп болады. Бұл қоғамдық өмірдің жаңа түсініктерін құруға әкеледі және нарық мәжбүрлеген дәстүрлі және националды көзқарастар арасындағы қайшылықты күшейтеді. Қазіргі таңдағы қоғамдық трансформация дәстүрлі және инновациялық құндылықтарды қалыптастыратын және қарама-қайшы тұжырымдарды жүйелейтін құбылыс

болып табылады. Қарама-қайшылықтар арасында әлеуметтік қатынастар сапасының негізін құрайтын қатысушылар тұжырымдарының маңызды мүдделері бар.

Түбегейлі саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер инновациялық құндылықтарды дамытуға қуатты ынталандыру болды. Көптеген ғалымдар еңбектерінде дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға назар аударылып, мәселенің іргелі және қолданбалы негіздерін анықтау басымдыққа ие болды. Құндылықтардың қалыптасуының эволюциялық процесі гуманистік пікірлерді негіздеуден басталып, әлеуметтік түсініктерді байыту арқылы мәдени тұжырымдамаларды бекітеді. Дегенмен, ғалымдардың аксиологиялық зерттеулері қазіргі заман сұранысына сай нәтижелерді бермей отыр. Қоғамның жоғары мұраттарға ұмтылысы құндылықтар шеңберіндегі әрекеттерді қалыптастыру процесімен байланысты. Бұл көбінесе қоғам мүшелері қалыптастырған құндылықтар жүйесінде көрініс табады. Зерттеу нысаны мен пәніндегі негізгі мәселелер басты назарымызда болғандықтан, қоғам мүшелері іс-әрекетінің ерекшеліктері, тұлғалық қасиеттері ғалымдар еңбектеріндегі құндылық басымдықтарын талдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, дәстүрлі және инновациялық құндылықтарға бағдарланған әрекеттерді айқындайды. Осылайша, қоғам мүшелерінің құндылықтары негіздерін құру барысында бағалау өзегін құрайтын дәстүрлі құндылықтар мен заман талабына сай үндесетін инновациялық құндылықтар қалыптасты деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтылған пікірлерге байланысты, постиндустриалды қоғамдағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға басымдық берілуі керек. Бұл міндетті шешу үшін дәстүрлі құндылықтардың мәні мен қазіргі әлемдегі өзектілігін, қоғамдағы әлеуметтік және технологиялық процестер тудыратын инновациялық құндылықтар сипаттамаларын, өзара әрекеттесу тетіктерін анықтау қажет. Бұл үшін біз «құндылық» категориясының мәнін, қалыптасқан дәстүрлі құндылықтар мен заманауи шарттарда өзгерістерге ұшырауға бейім инновациялық құндылықтар мазмұнын айқындағанды дұрыс көреміз.

## Қаржыландыру

Берілген мақала «Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі этникалық азшылықтардың этникалық

бірегейлену үдерістерін кросс-мәдени және аксиологиялық талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант АР19677146.

### Әдебиеттер

- Воронина О.А. Гендерная культура в России: традиции и новации. - М.: ИФ РАН, 2018. - 111 с.
- Заславская Т.И. Социальная трансформация российского общества. - М.: Дело, 2002. - 524 с.
- Таланова К.С. Ценностное ядро духовно-нравственного кризиса: дефиниции, типологии, система ценностей // Вестник Московского университета. Сер. 18. Социология и политология. - 2014. - №3. - С. 179-200.
- Философия устойчивого развития и социальная экология / Под ред. А.И. Зеленкова. - Минск: БГУ, 2015. - 200 с.
- Awad, F. B. (2016). Muslim cultural identity and attitude change among tolakinese community in Kendari. *Journal of Indonesian Islam*, 10(2), 355-373. <https://doi.org/10.15642/JIIS.2016.10.2.355-374>
- Balakin, V. I. (2019). Pax RusSinica: on the probability of the formation of a Russian - Chinese strategic alliance on the Eurasian continent. In E. I. Safronova (Ed.), *China in world and regional politics: History and modernity* (80-97). Moscow: Russian Acad Sciences, Inst Far Eastern Studies. <https://doi.org/10.24411/2618-6888-2019-10004>
- Baudrillard, J. (2007). *In the shadow of the silent majorities*. New York: Semiotext(e).
- Ilmaniati, A., & Masrofah, I. (2023). Regional innovation driving factors model (Cianjur Regency). *AIP Conference Proceedings*, 2674, 030011. <https://doi.org/10.1063/5.0123398>
- Laidoune, A., Zid, C., & Sahraoui, N. (2022). Innovate and overcome resistance to change to improve the resilience of systems and organizations. *Journal of the Knowledge Economy*, 13(4), 2986-3001. <https://doi.org/10.1007/s13132-021-00840-8>
- Muchie, M., & Baskaran, A. (2013). *Challenges of African transformation: Exploring through innovation approach*. Oxford, African Books Collective.
- Naizabayeva, G., Garifolla, Y., & Mukhanbet, A. (2022). Changes in the traditional occupations and discourse of women: New element of human capital in redesigned Kazakh society. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, 9(4), 55-69. <https://doi.org/10.29333/ejecs/1295>
- Niosi, J. (2008). Technology, development and innovation systems: An introduction. *Journal of Development Studies*, 44(5), 613-621. <https://doi.org/10.1080/00220380802009084>
- Poelzer, G. (1995). At the dawn of self-government: a comparative study of the evenk of russia and the metis of Canada. *Polar Geography*, 19(3), 157-183. <https://doi.org/10.1080/10889379509377569>
- Romero, G. G. (2006). Territorial innovation and public policies. *Boletin de la Asociacion de Geografos Espanoles*, 42, 121-136.
- Safiullina, A. M., Ivanov, M. E., & Beloborodova, M. A. (2014). The factors which keep from innovation development (on the example of the Tatarstan Republic). *Mediterranean Journal of Social Sciences*, 5(18 SPEC. ISSUE), 207-210.
- Sanina, A. G. (2016). Patriotism of Russians and patriotic education in modern Russia. *Sotsiologicheskie Issledovaniya*, 2016(5), 44-53.
- Shrestha, H. S., & Satyal, V. R. (2014). Nepal. In S. I. Rajan (Ed.), *Social security for the elderly: Experiences from South Asia* (278-337). Routledge India.

### References

- Awad, F. B. (2016). Muslim cultural identity and attitude change among Tolakinese community in Kendari. *Journal of Indonesian Islam*, 10(2), 355-373. <https://doi.org/10.15642/JIIS.2016.10.2.355-374> (In English)
- Balakin, V. I. (2019). Pax RusSinica: On the probability of the formation of a Russian-Chinese strategic alliance on the Eurasian continent. In E. I. Safronova (Ed.), *China in world and regional politics: History and modernity* (pp. 80-97). Moscow: Russian Acad Sciences, Inst Far Eastern Studies. <https://doi.org/10.24411/2618-6888-2019-10004> (In English)
- Baudrillard, J. (2007). *In the Shadow of the Silent Majorities*. New York: Semiotext(e). [English]
- Philosophy of Sustainable Development and Social Ecology*. (2015). Ed. A.I. Zelenkov. Minsk: BGU, 200 p. (In Russian)
- Ilmaniati, A., & Masrofah, I. (2023). Regional innovation driving factors model (Cianjur Regency). *AIP Conference Proceedings*, 2674, 030011. <https://doi.org/10.1063/5.0123398> [English]
- Laidoune, A., Zid, C., & Sahraoui, N. (2022). Innovate and overcome resistance to change to improve the resilience of systems and organizations. *Journal of the Knowledge Economy*, 13(4), 2986-3001. <https://doi.org/10.1007/s13132-021-00840-8> (In English)
- Muchie, M., & Baskaran, A. (2013). *Challenges of African Transformation: Exploring through Innovation Approach*. Oxford, African Books Collective. (In English)
- Naizabayeva, G., Garifolla, Y., & Mukhanbet, A. (2022). Changes in the traditional occupations and discourse of women: New element of human capital in redesigned Kazakh society. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, 9(4), 55-69. <https://doi.org/10.29333/ejecs/1295> (In English)
- Niosi, J. (2008). Technology, development, and innovation systems: An introduction. *Journal of Development Studies*, 44(5), 613-621. <https://doi.org/10.1080/00220380802009084> (In English)

- Poelzer, G. (1995). At the dawn of self-government: A comparative study of the views of the Evenk of Russia and the Metis of Canada. *Polar Geography*, 19(3), 157-183. <https://doi.org/10.1080/10889379509377569> [English]
- Romero, G. G. (2006). Territorial innovation and public policies. *Boletín de la Asociación de Geógrafos Españoles*, 42, 121-136. (In English)
- Safiullina, A. M., Ivanov, M. E., & Beloborodova, M. A. (2014). The factors which keep from innovation development (on the example of the Tatarstan Republic). *Mediterranean Journal of Social Sciences*, 5(18 SPEC. ISSUE), 207-210. (In English)
- Sanina, A. G. (2016). Patriotism of Russians and patriotic education in modern Russia. *Sotsiologicheskie Issledovaniya*, 2016(5), 44-53. (In Russian)
- Shrestha, H. S., & Satyal, V. R. (2014). Nepal. In S. I. Rajan (Ed.), *Social Security for the Elderly: Experiences from South Asia* (pp. 278-337). Routledge India. (In English)
- Talanova, K. S. (2014). *Value Core of the Spiritual and Moral Crisis: Definitions, Typologies, System of Values*. *Vestnik Moskovskogo Universiteta. Ser. 18. Sociologija i politologija*, 3, 179-200. (In Russian)
- Voronina, O. A. (2018). *Gender Culture in Russia: Traditions and Innovations*. M.: IF RAN, 111 p. (In Russian)
- Zaslavskaja, T. I. (2002). *Social Transformation of Russian Society*. M.: Delo, 524 p. (In Russian)